

**2012 жылы 29 мамырда 10 сағат 30 минутта Қазақстан Республикасы,
Астана қаласы, Қонаев көшесі 7, Риксос Президент ОТЕЛЬ Астана, «Орда» залы
мекен-жайы бойынша мынадай күн тәртібімен өтетін «ҚазМұнайГаз» Барлау
Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) акционерлерінің жылдық жалпы
жиналысының материалдары**

- 1) 2011 жылғы жылдық топтастырылған қаржылық есепті бекіту
- 2) Қоғамның 2011 жылғы таза кірісін бөлудің тәртібі мен 2011 жылдың қортындылары бойынша Қоғамның бір қарапайым және бір артықшылықты акциясына есептегендегі дивидендтің мөлшерін бекіту
- 3) Қоғамның 2011 жылғы жылдық есебін бекіту
- 4) Акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларына өтінімдері және оларды 2011 жылы қараудың қортындылары туралы мәселені қарау
- 5) Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелеріне 2011 жылғы сыйақының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат
- 6) Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының 2011 жылғы жұмысы туралы есепті бекіту
- 7) Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау.

1. 2011 жылғы жылдық топтастырылған қаржылық есепті бекіту

Қоғам Жарғысының 11.1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Қоғамның жылдық қаржылық есебін бекіту тікелей акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатады. Лондонның қор биржасы мен Қазақстандық қор биржасының талаптарына сәйкес Қоғам өзі және өзінің қызметі туралы ақпаратты ашуға, оның ішінде жылдың қортындылары бойынша топтастырылған қаржылық есептілікті жариялауға міндетті.

«Эрнст энд Янг» ЖШС-ның тәуелсіз аудиторлары Қоғамның 2011 жылға топтастырылған қаржылық есебінің аудитін жүргізді және Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудиттің нәтижелері бойынша қортынды дайындады.

Қоғамның 2011 жылғы қызметінің қортындылары бойынша Қаржылық есептіліктің негізгі көрсеткіштері мыналарды құрады:

- кірістер – 721 194 169 мың теңге;
- қауымдастырылған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес – 84 276 312 мың теңге;
- өндірістік шығыстар – 117 465 026 мың теңге;
- салықтар, табыс салығын қоспағанда – 284 027 851 мың теңге;
- тозу, ескіру және амортизация – 45 494 136 мың теңге;
- іске асыру жөніндегі шығыстар мен әкімшілік шығыстар – 100 173 285 мың теңге;
- барлауға арналған шығыстар – 5 985 224 мың теңге;
- негізгі құралдардың істен шығуынан келтірілген зиян – 4 043 980 мың теңге;
- қаржылық шығыстарды шегеріп тастағандағы қаржылық кірістер – 21 620 976 мың теңге;
- бағамдық айырмашылық бойынша кірістер – 2 690 153 мың теңге;
- салық салынғанға дейінгі пайда – 272 592 108 мың теңге;
- таза пайда – 208 930 886 мың теңге.

Қоғамның жылдық топтастырылған қаржылық есебі www.kmgcp.kz мекен-жайы бойынша корпоративтік веб-сайтта, сондай-ақ акционерлердің сұратуы бойынша ұсынылады.

Шешім:

Қоғамның 2011 жылғы жылдық топтастырылған қаржылық есебі бекітілсін.

2. Қоғамның 2011 жылғы таза кірісін бөлудің тәртібі мен 2011 жылдың қортындылары бойынша Қоғамның бір қарапайым және бір артықшылықты акциясына есептегендегі дивидендтің мөлшерін бекіту

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының (бұдан әрі – АҚ туралы Заң) 44 бабының 3-тармағының 3) тармақшасына, сондай-ақ Қоғам Жарғысының 10.28-тармағының 3) тармақшасына сәйкес акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесінің Қоғамның аяқталған жылғы таза кірісін бөлудің тәртібі мен Қоғамның бір қарапайым және бір артықшылықты акциясына есептегендегі жыл дивидендінің мөлшері туралы ұсынысын қамтуы тиіс. Қоғам Жарғысының 8.1. тармағына сәйкес дивиденттер алуға құқы бар акционерлердің тізімін жасау датасы дивиденттер төлеу туралы шешім қабылданған датадан кейінгі 10 күнтізбелік күннен ерте белгіленбеуі тиіс. Дивиденттерді төлеуді бастау дивиденттер алуға құқы бар акционерлердің тізімін келісу датасынан кейінгі 30 күнтізбелік күннен ерте емес күнге белгіленеді.

2012 жылдың 13 наурызында өткен мәжілісте Қоғамның Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысына Қоғамның таза кірісін бөлудің тәртібі мен 2011 жылдың қортындылары бойынша Қоғамның бір қарапайым және бір артықшылықты акциясына есептегендегі дивидендтің мөлшерін бекітуді ұсынды:

1) Қоғамның бір қарапайым акциясына есептегенде дивидендтің 2011 жылға мөлшері – 1300,00 теңге (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен төлеуге жататын салықтың сомасы);

2) Қоғамның бір артықшылықты акциясына есептегенде дивидендтің 2011 жылға мөлшері – 1300,00 теңге (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен төлеуге жататын салықтың сомасы);

3) Қоғамның есепті қаржы жылындағы 2011 жылдың қортындылары бойынша аудиттелген топтастырылған қаржылық есепке сәйкес 208 930 886 мың теңге сомасындағы таза кірісі мынадай тұрғыда бөлінсін:

- бір қарапайым және бір артықшылықты акцияны дивиденттерді алуға құқы бар акционерлердің тізімін белгілеу датасына айналымдағы тиісті акциялардың санына есептегенде 2011 жылғы дивидендтің мөлшерін шығаруға тең болатын сома дивиденттерді төлеуге жұмсалсын;

- қалдығы Қоғамның қарауында қалсын.

4) дивиденттерді алуға құқы бар акционерлердің тізімін белгілеу датасы мен уақыты - 2012 жылдың 11 маусымы 00 сағат 00 минут;

5) дивиденттерді төлеуді бастау уақыты – 2012 жылдың 16 шілдесі;

6) дивиденттерді төлеудің тәртібі мен нысаны – акционерлердің банктік шоттарына қолма қол емес аудару жолымен дивиденттер алуға құқы бар акционерлердің тізімі бойынша.

Шешім:

1. Қоғамның таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі бекітілсін – толық атауы: «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы; орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17; банктік деректемелері: СТН 620100210124, IBAN KZ656010111000022542, SWIFT HSBKZZKX, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Астана аймақтық филиалы – 2011 жыл үшін және Қоғамның бір басымдықты және бір қарапайым акциясына есептегендегі 2011 жылғы дивидендтің мөлшері:

1) Қоғамның бір қарапайым акциясына есептегенде дивидендтің 2011 жылға мөлшері – 1300,00 теңге (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен төлеуге жататын салықтың сомасы);

2) Қоғамның бір артықшылықты акциясына есептегенде дивидендтің 2011 жылға мөлшері – 1300,00 теңге (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен төлеуге жататын салықтың сомасы);

3) Қоғамның есепті қаржы жылындағы 2011 жылдың қортындылары бойынша аудиттелген топтастырылған қаржылық есепке сәйкес 208 930 886 мың теңге сомасындағы таза кірісі мынадай түрғыда бөлінсін:

- бір қарапайым және бір артықшылықты акцияны дивидендтерді алуға құқы бар акционерлердің тізімін белгілеу датасына айналымдағы тиісті акциялардың санына есептегенде 2011 жылғы дивидендтің мөлшерін шығаруға тең болатын сома дивиденттерді төлеуге жұмсалсын;

- қалдығы Қоғамның қарауында қалсын.

4) дивидендтерді алуға құқы бар акционерлердің тізімін белгілеу датасы мен уақыты - 2012 жылдың 11 маусымы 00 сағат 00 минут;

5) дивидендтерді төлеуді бастау уақыты – 2012 жылдың 16 шілдесі;

6) дивидендтерді төлеудің тәртібі мен нысаны – акционерлердің банктік шоттарына қолма қол емес аудару жолымен дивидендтер алуға құқы бар акционерлердің тізімі бойынша.

2. Қоғамның Бас директоры (Басқарма Төрағасы) А.С. Айдарбаев Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қоғамның 2011 жылғы жылдық есебін бекіту

Қоғам Жарлығының 10.29-тармағына және 12.2-тармағының 41) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ Ұлыбритания Біріккен Корольдігі мен Солтүстік Ирландия Листингтік Агенттігінің (UKLA's Disclosure and Transparency Rules) Ашықтық және Шынайылық жөніндегі Ережесінің талаптарына сәйкес келу және Қоғамның Корпоративтік Басқару Кодексімен ұсынылған Қоғамның корпоративтік басқару стандарттарын сақтауы мақсатында Қоғамның жылдық есебін Қоғамның Басқармасы дайындайды, Қоғамның Директорлар кеңесі мақұлдайды және акционерлердің жалпы жиналысының қарауына ұсынады.

Акционерлердің назарына негізгі тараулары мыналарды қамтитын Қоғамның 2011 жылғы жылдық есебі ұсынылады:

Ұсынылып отырған Қоғам қызметінің 2011 жылғы жылдық есебі жобасының негізгі тараулары өзіне:

- Директорлар кеңесі төрағасының сөзін;
- Бас директордың сөзін;
- Корпоративтік басқару жөніндегі ақпаратты (Директорлар кеңесінің бағалау жөніндегі ақпарат ұсынылғаннан кейін пысықтауға жатады);
- 2011 жылғы қаржылық жағдай мен қаржы-экономикалық қызметтің нәтижелерін талдауды;
- Тәуекелдерді;
- Қоғамның 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылға арналған топтастырылған есебін қамтиды.

Қоғамның 2011 жылғы жылдық есебі Қоғамның веб-сайтында: www.kmger.kz бойынша орналастырылған, сондай-ақ акционерлердің сұрау салуы бойынша ұсынылады.

Шешім:

Ұсынылып отырған Қоғамның 2011 жылғы жылдық есебі бекітілсін.

4. Акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыздары және оларды 2011 жылы қараудың қортындылары туралы мәселені қарау

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 35 бабының 2-тармағы мен «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысының 10 тарауының 10.3-тармағына сәйкес акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне арыздары мен оларды қараудың нәтижелері туралы мәселе қаралады. 2011 жылы Қоғамның акционерлерінен Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыз түскен жоқ.

Шешім:

Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.

5. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелеріне 2010 жылғы сыйақының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат

Директорлар кеңесі

2011 жылы Директорлар кеңесінің мүшелерінен тек Қоғамның тәуелсіз директорлары ғана Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесінң комитеттеріндегі жұмысына қатысқаны үшін сыйақы алды. Қоғамның тәуелсіз директорларына сыйақының жалпы сомасы салықтарды есептегенде 812,5 мың АҚШ долларын (салықтарды есептегенде 132 710 мың теңгені), оның ішінде:

Пол Мандука – салықтарды есептегенде 277,5 мың АҚШ долларын (салықтарды есептегенде 45 326 мың теңгені),

Эдвард Уолш – салықтарды есептегенде 267,5 мың АҚШ долларын (салықтарды есептегенде 43 692 мың теңгені),

Филип Дэйер – салықтарды есептегенде 267,5 мың АҚШ долларын (салықтарды есептегенде 43 692 мың теңгені) құрады.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеудің 2011 жылғы 25 мамырдағы акционерлердің жылдық жалпы жиналысымен белгіленді. Сыйақы жылдық сыйақыдан, Директорлар кеңесінің тікелей қатысатын мәжілістеріне қатысқаны үшін сыйақыдан, Директорлар кеңесінің мәжілістеріне телефондық және бейнеконференц-байланыс бойынша қатысқаны үшін сыйақыдан, Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің мәжілістеріне қатысқаны үшін сыйақыдан, Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитетінің, сыйақылар жөніндегі комитетінің және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің төрағасы міндетін атқарғаны үшін сыйақыдан тұрады.

Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сыйақы алмайды, бірақ мұндай тағайындаумен байланысты шығыстардың өтелуіне құқы бар.

Шешім:

Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.

6. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының 2010 жылғы жұмысы туралы есепті бекіту

Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ереженің 9.1. («Директорлар кеңесінің қызметін бағалау») тармақшасына сәйкес Қоғамның жылдық есебі мен топтастырылған қаржылық есебін ұсыну кезінде бір мезгілде Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысына олар бойынша Директорлар кеңесі немесе Басқарма шешім қабылдайтын мәселелер туралы толық ақпаратты қоса алғанда Директорлар кеңесі мен Басқарманың жұмысы туралы есеп ұсынуы тиіс.

Директорлар кеңесі

2011 жылдың 31 желтоқсанына жағдай бойынша Директорлар кеңесі:

Сисенғали Өтеғалиев

Директорлар кеңесінің төрағасы;

Алик Айдарбаев

Директорлар кеңесінің мүшесі (Бас директор);

Ержан Жанғауылов

Директорлар кеңесінің мүшесі;

Асқар Балжанов

Директорлар кеңесінің мүшесі;

Әсия Сырғабекова

Директорлар кеңесінің мүшесі;

Филип Дэйер

тәуелсіз директор;

Пол Мандука

тәуелсіз директор;

Эдвард Уолш

тәуелсіз директор болып табылатын сегіз

мүшеден тұрды.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының қортындылары бойынша 2011 жылы 31 наурызда мынадай шешім қабылданды:

- Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі Бозжанов Төлеген Жұмадұлының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын;

- Өтеғалиев Сисенғали Әжіғалиұлы Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлансын.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының қортындылары бойынша 2011 жылы 5 мамырда мынадай шешім қабылданды:

-Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі Ибрашев Кенжебек Ниязұлының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын;

- Айдарбаев Алик Серікұлы Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлансын. Директорлар кеңесінің шешімімен Айдарбаев Алик Серікұлы Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

2011 жылы 22 желтоқсанда Қоғам Басқармасының төрағасы (Бас директор) Асқар Балжанов өзінен өкілеттікті алды. Бұған дейін Директорлар кеңесінің төрағасы лауазымын атқарған Алик Айдарбаев Қоғам Басқармасының төрағасы (Бас директор) болып сайланды.

2012 жылы 27 ақпанда акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында Асқар Балжановтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және Ләззат Кииновты Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі етіп сайлау туралы шешім қабылданды.

2012 жылы 31 наурызда Киинов Ләззат Кетебайұлы Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

2012 жылдың 13 наурызына жағдай бойынша ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің құрамы:

- Ләззат Киинов – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқармасының төрағасы, Директорлар кеңесінің төрағасы

- Алик Айдарбаев – Бас директор, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Басқармасының төрағасы

- Ержан Жанғауылов - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құқықты қамтамасыз ету жөніндегі бас менеджері

- Әсия Сырғабекова - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қаржылық директоры

- Сисенғали Өтеғалиев – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары
- Пол Мандука – ҚМГ БӨ тәуелсіз директоры
- Эдвард Уолш – ҚМГ БӨ тәуелсіз директоры
- Филип Дэйер – ҚМГ БӨ тәуелсіз директоры.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының қарауына Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі Сисенғали Өтеғалиевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және Тимур Бимағамбетовты Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлау туралы мәселе енгізілді.

Директорлар кеңесі мәжілісті ұдайы негізде және қажеттілігіне қарай өткізеді.

2011 жылы Директорлар кеңесі қатысып отырып дауыс беру жолымен өткізілген жеті мәжілісті, сырттай дауыс беру жолымен өткізілген 10 мәжілісті және телефондық конференц-байланыс атқылы өткізілген 3 мәжілісті қоса алғанда 20 мәжіліс өткізді.

Жыл ішінде басқаларын қоспағанда мына мәселелерді қарады:

Қоғамның мұнайгаз активтерін сатып алуы: «Карповский Северный» АҚ-да 100 пайыздық қатысу үлесі; 50-процентной доли участия в «Ural Group Limited» Қоғамында (Федоровский блогы) 50 пайыздық қатысу үлесі, 1Қазақстан Республикасында көмірсутегі шикізатын барлауға арналған төрт келісім-шарттың (Темір, Теріскен, Қаратон, Сарқамыс) шеңберінде жер қойнауын пайдалануға арналған 100 пайыздық құқық

- Қоғамның қарапайым акцияларын кері сатып алу бағдарламасы

- Тәуекелдерді басқару саясаты

- Қоғамның тәуекелдерін сақтандыру бағдарламасы

- Қоғамның бюджеттері мен бизнес-жоспарларын бекіту

- Қоғамның 2011 жылға арналған Стратегиялық картасын бекіту

- Қоғамның демеушілік және қайырымдылық көмектер көрсету саясаты

- Қоғамның алдағы жылға арналған топтастырылған қаржылық есебін алдын ала бекіту

- ҚМГ ҰК аффилиирлендірілген тұлғаларымен – еншілес ұйымдарымен өзара қарым-қатынастар мәселелері

- Компанияның мүдделілікпен мәмлелер жасасуы

- еншілес ұйымдардық жоғары органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелер

- Комплаенс мәселелері

- Құнды қағаздармен мәмлелер бойынша саясат

- Ақпараттарды ашу саясаты

- Ұлыбританияның сыбайлас жемқорлық туралы заңын (UK Bribery Act) сақтау мәселелері

- Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау

- Директорлар кеңесінің комитеттерін құру

- Еңбек ұжымдары мәселелері

- Бас директор (Басқарманың төрағасы) мен Басқарманың мүшелерін сайлау

- Лауазымдық жалақылардың мөлшері мен еңбекақы төлеу шарттарын анықтау және

Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу

- Директорлар кеңесі мен Басқарманың 2010 жылғы жұмысы туралы есеп

- Директорлар кеңесінің 2010 жылғы қызметін бағалау жөніндегі есеп

- Ішкі аудит қызметінің жоспарлары мен есептерін, Рассмотрение планов и отчетов

Службы внутреннего аудита, Ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуы барысын қарау

- Басқарма мүшелерінің, ішкі аудит қызметі басшысының және Қоғамның корпоративтік хатшысының қызметі тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің (ҚНК) жиынтық нәтижелілігі

- Ішкі аудит пен корпоративтік хатшының кадр мәселелері

- Опциондық бағдарламаға сәйкес опциондар беру

Директорлар кеңесі 2011 жылы мына құжаттарды бекітті:

- Қызметкерлерге еңбекақы төлеу ережесі
- Тәуекелдерді басқару саясаты
- Құнды қағаздармен мәмлелер бойынша саясат
- Ақпараттарды ашу саясаты
- Ішкі аудит бойынша ішкі регламенттеуші құжаттар
- Ақша қаражатын басқару саясатына өзгерістер мен толықтырулар
- Қоғамның еншілес ұйымдарының филиалдары туралы ереже

Сонымен қатар Директорлар кеңесі Қоғамның Жарғысына өзгерістер енгізуді қарады және акционерлердің жалпы жиналысына ұсыныс жасады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі, сыйақылар жөніндегі, тағайындаулар жөніндегі және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттерінің жұмысы олар туралы ережелерге сәйкес жүзеге асырылды.

Аудит жөніндегі комитет

2011 жылы аудит жөніндегі комитеттің құрамына тек тәуелсіз директорлар ғана, атап айтқанда: Пол Мандука (комитеттің төрағасы), Филип Дэйер және Эдвард Уолш кірді. Аудит жөніндегі комитетке тағайындау Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің тәуелсіз болып қалуы шартымен Директорлар кеңесінің шешімі бойынша үш жылдан екі қосымша кезеңге ұзартылуы мүмкін болатын үш жылға дейінгі кезеңге жүзеге асырылады.

Аудит жөніндегі комитет басқаларын қоспағанда Қоғамның қаржылық ақпаратын қамтитын кез келген есептер, тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесінің мониторингі үшін және бұл процеске Қоғамның аудиторларын тарту үшін жауаптылықта болады. Ол сондай-ақ ішкі бақылау процедурасының сақталуын қадағалайтын Қоғамның ішкі аудит қызметінен ақпарат алады. Атап айтқанда, комитет заңнаманың, бухгалтерлік стандарттардың, Ұлыбритания (UKLA) мен Қазақстандық Қор биржасының (KASE) Листингтік агенттігінің қолданымды ережелері талаптарының сақталуы, ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету мәселелерімен шұғылданады. Директорлар кеңесі де жылдық қаржылық есепті алдын ала мақұлдау үшін жауаптылықта болады.

Аудит жөніндегі комитет ауық-ауық сатып алулар мен иеліктен шығарулар жөніндегі ірі мәмлелерді тексереді және Директорлар кеңесі аудит жөніндегі комитеттен сұрауы мүмкін кез келген мәселені қарайды.

Жыл сайын, акционерлердің жалпы жиналысында аудит жөніндегі комитеттің төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы арқылы аудит жөніндегі комитет қызметінің нәтижелерін баяндайды және аудит жөніндегі комитеттің қызметімен байланысты сұрақтарға жауап береді.

2011 жыл ішінде аудит жөніндегі комитет он мәжіліс өткізді. Аудит жөніндегі комитет мынадай мәселелерді қарады:

- Қаржылық есептілік
 - ҚЕХС сәйкес қаржылық есепті дайындау мәселелері қаралды
 - Қазақстандық және Лондондық қор биржаларында ашуға арналған тоқсандық және жылдық қаржылық есептер бекітілді
 - Салық салу мәселелері
 - Ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесі
 - Ішкі аудит
 - Ішкі аудит қызметінің жұмыс жоспары қаралды және мақұлданды
 - Ішкі аудиттің тиімділігін бағалау жүргізілді
 - Аудит жөніндегі комитеттің 2010 жылғы жұмысы туралы есеп қаралды және мақұлданды
- Қоғамның ақша қаражаты қозғалысы болжамдары
- Ақша қаражатын басқару саясатын сақтау мәселелері

Бас бухгалтер мен бас бухгалтердің орынбасары қызметіне кандидаттарды қарауға қойылатын талаптар бекітілді. Утверждены требования к рассмотрению кандидатов на должности главного бухгалтера и заместителя главного бухгалтера
Комплаенс
Бағалы қағаздармен мәмлелер жөніндегі саясат
Ақпараттарды ашу саясаты
Вопросы соблюдения закона о коррупции Улыбританияның сыбайлас-жемқорлық туралы заңын (UK Bribery Act)

Сыйақылар жөніндегі комитет

2011 жылы сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамына тек тәуелсіз директорлар ғана кірді. Филип Дэйер (Комитеттің төрағасы) Пол Мандука және Эдвард Уолш оның мүшелері болып табылды. Комитет мүшелерінің өкілеттігі мерзімдері олардың Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігі мерзімдерімен сәйкес келеді.

Сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Бас директорға, Басқарма мүшелеріне және Қоғамның өзге де қызметкерлеріне сыйақы беру жүйесінің мониторингі, оның ішінде сыйақы беру саясатын басқа компаниялармен салыстыра отырып талдау үшін жауаптылықта болады.

Сондай-ақ сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Бас директорға және Қоғамның Басқармасы мүшелеріне сыйақылар мен өтемақылар төлеудің принциптері мен оның мөлшері мен шарттарын белгілеудің өлшемдері бойынша және Қоғамның опциондық жоспарлары шарттарын мақұлдау және басқа да ұзақ мерзімді Қоғамның басшылары мен қызметкерлерін ынталандыру бағдарламалары бойынша ұсынымдар әзірлеу және оны Директорлар кеңесіне ұсыну үшін жауаптылықта болады.

Сыйақылар жөніндегі комитет Қоғамның сыйақылар саласындағы саясаты мен Қоғамда қолданылатын сыйақылар төлеу жүйелерін Қоғамды дамыту стратегиясымен және оның қаржылық жағдайымен, сондай-ақ еңбек рыногындағы жағдаймен сәйкестендіру үшін қадағалауды жүзеге асырады.

Сыйақылар жөніндегі комитет Қазақстан Республикасы заңнамасының, Листингтік ережелердің және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Қоғамның Басқармасы мен Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақылар мен өтемақылар төлеуге қатысты ақпараттардың тиісінше ашылуын қамтамасыз ету үшін қадағалауды жүзеге асырады.

Одан басқа, Сыйақылар жөніндегі комитет Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеудің мөлшері мен тәртібін айқындау бөлігінде акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

Сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің алдында өзінің жұмысы туралы ұдайы есеп беріп отырады, оның үстіне, жыл сайын Директорлар кеңесіне ақпараттар беру арқылы комитеттің Сыйақылар жөніндегі комитет туралы ережені сақтауына талдау жүргізеді.

2011 жылы Сыйақылар жөніндегі комитет:

– Лауазымдық жалақылардың мөлшері мен жалақы төлеу және Басқарма мүшелеріне сыйықы төлеу шарттарын белгілеу

– Басқарма мүшелерінің, ішкі аудит қызметі басшысының және Қоғамның корпоративтік хатшысының қызметі тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің (ҚНҚ) жиынтық нәтижелілігі

– Сыйақылар және Басқарма мүшелерінің, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің, корпоративтік хатшының ҚНҚ бекіту;

– Опциондық бағдарламаға қатысты мәселелер

– Шығындарды басқару жөніндегі жобаларды іске асырудың нәтижелері бойынша сыйақы беру жүйесін енгізу жөніндегі ұсыныс сыяқты мәселелерді қарады.

Тағайындаулар жөніндегі комитет

2011 жылы тағайындаулар жөніндегі комитеттің құрамына: Алик Айдарбаев (2011 жылдың 28 маусымынан бастап Комитеттің төрағасы), Асқар Балжанов (2011 жылдың 28 маусымына дейін Комитеттің төрағасы), Эдвард Уолш, Пол Мандука және Филип Дэйер.

Тағайындаулар жөніндегі комитеттің негізгі мақсаты Қоғамның органдарындағы лауазымдарға тағайындау үшін мамандарды іріктеу кезінде Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру, сондай-ақ Қоғамның лауазымды адамдары ауысқан кезде сабақтастықты қамтамасыз ету, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі, Бас директор, Басқарма мүшесі және корпоративтік хатшы лауазымдарына үміткерлерді іріктеудің өлшемдерін белгілеу болып табылады.

Тағайындаулар жөніндегі комитет Директорлар кеңесі мен Басқарманың құрамындағы өзгерістермен, корпоративтік хатшының өкілеттігін тоқтатумен және оны қызметке тағайындаумен, қосымша және алмастырушы директорлардың зейнеткерлікке шығуымен және оларды тағайындаумен байланысты мәселелерді қарайды.

2011 жыл ішінде Тағайындаулар жөніндегі комитет екі мәжіліс өткізді, онда:

- Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы ұсыныс енгізу;
- Басқарманың мүшесін сайлау туралы ұсыныс енгізу мәселелері қаралды.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет

2011 жылы Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің құрамына: Эдвард Уолш (Комитеттің төрағасы), Кенжебек Ибрашев (2011 жылдың 5 мамырына дейін) Асқар Балжанов, Алик Айдарбаев (2011 жылдың 28 маусымынан бастап) кірді.

Комитет қызметінің негізгі мақсаты Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғам қызметінің басымдықты бағыттарын пысықтау және оны дамыту стратегиялары мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыным жасау болып табылады.

2011 жыл ішінде Комитет бес мәжіліс өткізді. Онда:

- Стратегиялық карта мен қызметтің тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің (КНК) тізбесі
- Сатып алу жөніндегі мәмлелер мен халықаралық дамуға арналған мүмкіндіктер
- Функционалдық стратегиялар
- Қоғамның болашаққа арналған геологиялық барлау жұмыстарын дамыту бағдарламасы туралы ақпарат
- Мұнайхимиялық жобаға қатысу мәселелері қаралды.

Басқарма

2011 жылы Қоғам Басқармасының құрамына Бас директор мен оның орынбасарларын қоса алғанда жоғары буын басшылары кірді.

2011 жылдың 31 желтоқсанына жағдай бойынша Басқарма мүшелері:

Алик Айдарбаев	Бас директор және Басқарманың төрағасы
Владимир Мирошников	Бас директордың бірінші орынбасары – Ақтау қаласындағы жедел басқару тобының басшысы
Жаннета Бекежанова	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Асқар Әубәкіров	Бас директордың корпоративтік даму және активтерді басқару жөніндегі орынбасары
Бағитқали Бисекен	Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары
Тарас Хитуов	Қызметкерлер және әлеуметтік саясат жөніндегі басқарушы директор
Киікбай Ешманов	«Өзенмұнайгаз» ӨФ директоры;

2011 жыл ішінде Қоғам Директорлар кеңесі шешімінің негізінде Басқарманың құрамына мынадай өзгерістер енгізілді:

- 2011 жылы 5 мамырда Бағитқали Бисекенді (Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары) Басқарманың мүшесі етіп сайлау туралы шешім қабылданды.

- 2011 жылдың 22 желтоқсанында Бас директор (Басқарманың төрағасы) Балжанов Аскардың өкілеттігін тоқтату және Айдарбаев Аликті Бас директор (Басқарманың төрағасы) етіп сайлау туралы шешім қабылданды.

Басқарма атқарушы орган болып табылады және Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады. 2011 жылы ұдайы негізде және қажетіне қарай Қоғам Басқармасының 46 мәжілісі өткізілді.

2011 жылы Қоғамның Басқармасы Қоғамның операциялық қызметіне жататын мынадай неғұрлым маңызды мәселелерді қарады:

- Бірқатар қазақстандық мұнайгаз компанияларымен қатысу үлестері мен 100 пайыздық жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу жөніндегі мәмілелер мақұлданды.

- Қоғамның Вьетнамда мемлекеттік лицензиялық раундқа қатысуы жөніндегі жобаны іске асыруы мақұлданды.

- Бірқатар шетелдік компаниялардағы 100 пайыздық қатысу үлесін сатып алуды бағалау жөніндегі жобаларды іске асыру мақұлданды.

- «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның 2011 – 2013 жылдар кезеңіне арналған орташа мерзімдік өндірістік бағдарламасы бекітілді.

- «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның 2011 – 2015 жылдар кезеңіне арналған өндірістік бағдарламасы бекітілді.

- ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның 2012 – 2016 жылдар кезеңіне арналған өндірістік бағдарламасы бекітілді.

- 2012 жылға арналған бюджет пен 2012-2016 жылдарға арналған бизнес-жоспар мақұлданды.

- Ықпалдастырылған басқару жүйесі стандарттарына сәйкес Қоғамның ішкі қызметін реттейтін бірқатар процедуралар бекітілді.

Басқарма Қоғам қызметін қамтамасыз етудің акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Қоғамның лауазымды тұлғаларының тікелей құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

Шешім:

Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының 2011 жылғы жұмысы туралы есеп бекітілсін.

7. Қоғамның директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін тоқтату туралы.

Қоғам 2012 жылы 12 наурызда ірі акционер – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамынан Директорлар кеңесінің мүшесі С.Ә. Өтеғалиевтың өкілеттігін тоқтату туралы ұсынысы бар өтінімін (№ 101-26/1467 хат) алды.

Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату жатады.

Шешім:

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі С.Ә. Өтеғалиевтің өкілеттігі мерзімнен бұрын тоқтатылсын.

8. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау.

Қоғам 2012 жылдың 12 наурызында ірі акционер - «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамынан Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына Т.М. Бимағамбетовты туралы ұсынысы бар өтінімін (№ 101-26/1467 хат) алды.

Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату жатады.

Директорлар кеңесінің құрамына сайлау үшін кандидат туралы мәлімет қоса беріліп отыр.

Шешім:

Т.М. Бимағамбетов Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлансын.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (Қоғам) Директорлар кеңесіне
кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты: Бимағамбетов Тимур Мұстахиұлы
- 2) Кандидатты ұсынған акционердің атауы: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны
- 4) Білімі туралы мағлұмат: Жоғары, оқыған кезеңі 1973-1978 жж. Қазақ политехникалық институты.
- 5) Қоғамға ықпалдастығы туралы мәлімет: Жоқ.
- 6) Кандидаттың соңғы үш жыл ішінде атқарған жұмыстары мен лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жыл ішінде басқа заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған қызметтері туралы мәлімет:

20.02.2012 ж, бастап қазіргі уақытқа дейін – Өндіру және техникалық даму жөніндегі басқарма төрағасының орынбасары;

2009 ж. – Ақтау қаласындағы «Н Оперейтинг Компани» ЖШС Бас директоры;

2008-2009 ж.ж. – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ атқарушы директоры;

- 7) Кандидаттың Қоғамның қосылма тұлғаларымен және қарсы агенттерімен қарым-қатынастары туралы мәлімет: жоқ.
- 8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталғандығы туралы дерек: жоқ.
- 9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісімі туралы мағлұмат: Иә.